

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

6. Oxford Learner's Dictionaries. Electronic resource:
<http://www.oxfordlearnersdictionaries.com/topic/>

7. Официальный сайт ЮНИСЕФ. Электронный ресурс:
<https://www.unicef.by/press-centr/328.html>.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ ФАКТОРЛАРЫ

FACTORS INFLUENCING BULLYING AND CYBERBULLYING IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Албытова Н.П., п.ғ.к., профессор,
Сламбекова Т. С., п.ғ.к., профессор,
Жукунова Г.Б. п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

**Albytova Nazymgul, candidate of Pedagogical Sciences, acting professor,
Slambekova Tolkyn Slamkulovna, Ph. D., acting Professor,
Zhukenova G.B., candidate of Pedagogical Sciences, acting professor,
L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of
Kazakhstan.**

Андатпа. Мақалада буллинг және кибербуллингке түсініктеме беріліп, оған әсер етуші факторлар қарастырылады. Білім беру ортасында «педагог-оқушы» қарым-қатынасы осы құбылысты тудырушы фактор болатындығы туралы ғылыми зерттеулерге шолу жасалады. Автор «педагог-оқушы» қарым-қатынасында басшылыққа алатын нормативтік құжаттарды саналы меңгеру мен принциптерді ұстануды ұсынады.

Annotation. The article comments on bullying and cyberbullying and discusses the factors that influence it. Reviews of scientific studies that the "teacher-student" relationship in the educational environment is a factor that causes this phenomenon. The author suggests a conscious mastery of regulatory documents and adherence to the principles that guide the teacher-student relationship.

Кілт сөздер: буллинг, кибербуллинг, қарым-қатынас, білім беру ортасы, фактор.

Keywords: bullying, cyberbullying, communication, educational environment, factor.

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен Интернетке қолжетімділік ХХІ ғасырда жеткіншектер мен жастардың арасында буллинг, кибербуллингтің жаңа формаларының туындауына әкелді. Буллинг тақырыбы педагогика тарихында бар мәселе болғанымен, қазіргі жағдайда оның мазмұны мен формасы жағынан түрлі жолдармен өршігіп отырғандығы байқалады. Соңғы кезеңдерде балалар арасында өріс ала бастаған осы қарама-қайшылықтардың бір түрі цифрлық технологияны пайдалаумен келген

кибербуллинг болып отыр.

Балаға физикалық немесе психологиялық шабуыл жасау оқушы бойында жинақталған агрессия, қаталдық салдарынан туындайды. Булинг мен кибербуллинг мәселесі түрлі ғылымдар тұрғысынан зерттеліп, кейбір қол жеткен ғылыми тиімді әдістер, технологиялар практикалық қолданысқа еніп жатыр деуге болады. Балалар арасындағы буллинг пен кибербуллингтің теориялық-әдіснамалық негіздерін педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік аспектілерде кешенді зерттеу және салыстырмалы контент-талдау проблеманың әлі де болса проблеманың шешімін іздестудің қажет екендігін көрсетіп отыр.

Е.Н.Волкова, И.В.Волкова, А.С.Голубовская ауқымды зерттеу мақаласында кибербулингке қатысушылардың ерекшеліктеріне сипаттама береді. Кибербулинг құрбандарының ерекшеліктері болып мазасыздық деңгейінің жоғарылауы, өзін-өзі бағалау төмендігі, жалғыздықты сезінуінің ұлғаюы, депрессия мен өзін-өзі бекіту үшін таукелге бармауы, әлемге деген негативті көзқарас, денсаулығы мен әлеуметтену проблемасының болуын көрсетеді. Бұзақылардың ерекшеліктері – депрессия, тамақтанудың бұзылуы, психобелсенді заттарды қолдану, әлеуметтік мінез-құлықтың төмен деңгейі. Куәгерлердің ерекшеліктері – құрбан болудан қорқыныш, мазасыздықтың жоғарылауы, өзін-өзі бағалау төмендігі. Кибербулингке қатысушылардың барлығына тән сипаттама - эмпатияның төмендігі деп көрсетеді [1].

Бірқатар монографиялық зерттеулерде А.Г. Самохвалова булингтің пайда болу факторы ретінде баланың коммуникативті қиындықтар ретінде феноменология, пайда болу факторлары, динамикасын, О.А. Селиванова, Т.С.Шевцова. білім беру мекемесіндегі агрессивтілік пен қатыгездіктің алдын алу, Н.В. Кухтова және т.б. білім беру ортасындағы Буллинг: мәдениетаралық аспект, С.Н. Золотухин отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық зорлық-зомбылық, Т.М.Зайко кәмелетке толмағандар мен жастардың қылмысымен күресу шаралары: құқықтық және психологиялық-криминологиялық аспектілер, А.С.Копова жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы бағытында зерттеп, жалпы білім беретін мектепте агрессияны түзету шарттары мен құралдарын ашады. Н.О.Зиновьева, Н.Ф. Михайлова жариялаған кітапта балалардағы жарақаттан кейінгі стресстік бұзылулар мен психологиялық жарақаттардың ерекшеліктері ашылған, зорлық-зомбылық феноменологиясы сипатталған [2;3;4].

С. Л.Таланов «Буллинг в образовательной среде: причины, формы, профилактика» атты зерттеу мақаласында булингтің білім беру мекемелерінде, мектептерде және жоғары оқу орындарында ауқымды орын алып отырғандығын талдайды. Зерттеуші мектептерде ең көп таралған булинг ауызша (мазақ ету, қорқыту, қорлау, жала жабу) және физикалық; ал жоғары оқу орындарында әлеуметтік (елемеу, топтан шығару, ұрлық, жәбірленушінің мүлкін бүлдіру) және ауызша қорқыту сияқты түрлерінің жиі кездесетіндігін анықтаған. Н.С.Зорина «Характеристики кибербуллинга в подростковой среде и способы его профилактики» атты мақаласында жасөспірімдер арасында кибербуллингтің өріс алып отырғандығын анықтап, цифрлық кеңістікте олардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру

бойынша алдын алу шаралары ұсынылады. Кейбір зерттеушілер нақты 7 сынып оқушылары арасында психокоррекциялық жұмыстың жүргізілуін сипаттайды (Е.В. Николаев, А.В. Дмитриева, В.С. Шамаева). И.А.Ахметшина, Н.А.Балакирева, Х.Г.Юсупова жасөспірімдер арасында булингтің алдын алу бойынша әлеуметтік педагог жұмысын ұйымдастырудың мазмұны мен әдістерін ұсынады. Зерттеуде қазірде жасөспірімдер арасында булинг және кибербулинг проблемасының көкейкестілігін анықтап, зерттеудің мақсаты-11, 13 және 15 жастағы ұлдар мен қыздар арасында қорқыту мен кибербулингтің таралуын бағалауды зерттеу объектісі етіп алған [5;6;7] .

Булинг пен кибербулингтің пайда болу ошақтары білім беру орындары екендігі жиі айтылады. Зерттеушілер оқушылардың осындай мінез-құлық танытуына педагогтердің тікелей ықпалы барлығына тоқталады. Мәселен, С.В.Пазухина, Н.С.Бобровникова «Социально-личностные ресурсы субъектов образовательной среды как основа профилактики буллинга среди подростков» деген мақаласында жеткіншектер арасында булингтің болу себептерін білім беру ортасына қатысты болатындықтарын атап өтеді. Автолар оқушылардың мектепте оқитын пәндерін игеру жетістіктеріне байланысты олардың жеке қасиеттерін стереотиптік бағалау жүйесі бар деген қорытынды жасайды. Осылайша оқушылардың белгілі бір типологиясы бөліп қарастырады:

- мұғаліммен ынтымақтасатын үздік оқушылар. Олар педагог қызметінің нәтижесі мен мәні. Бұл қарым-қатынастың көптеген жағымды жақтары бар: мадақтау, сенім арту, басқаларға осы оқушыларға еліктеу туралы ашық айту, маңызды міндеттер атқаруды тапсыру, мұндай оқушылардың сәтсіздіктері әдетте еленбейді. Осы көзқарастың нәтижесінде жасөспірімде өзімшілдіктің немесе өзіне деген шындыққа негізделмеген сенімділік дами бастайды, бұл әрқашан сыныптастары мен құрбы-құрдастарына ұнай бермейді;

- қабілетті оқушылар. Мұндай жасөспірімдер талантты, бірақ өз қабілеттерін сирек пайдаланады, өзінің тәртіпсіздігінен сәтсіздіктерге тап болады. Олар көбінесе мұғаліммен қақтығысқа түсіп, қарым-қатынастағы мәртебесі ерекше топтағылардың санын арттырады;

- мойынсұнғыш оқушылар. Олар мұғалім тарапынан болған кешірім немесе көмегі үшін алғыс айтады, бірақ үлгерімі төмен оқушы қатарында болып есептеледі. Мұғалім олардан жетістіктер күтпейді, бірақ сол үлгерім деңгейін сақтауға тырысады. Осылайша жасөспірімдер өздерінің төмен нәтижелеріне оң көзқараспен қарайды және өзін-өзі дамыту мен жетістікке жету қажеттілігі туралы ойдан айрылады;

- проблемалы оқушылар. Мұғалімдер мұндай жасөспірімдерді ұнатпайды, негізінен оларға жағымсыз эмоциялар көрсетеді. Мұндай жағдайлар көбінесе жасөспірімдерге агрессивті көшбасшы болуға ықпал етеді;

- тобы белгілі емес жасөспірімдер. Көбінесе мұғалім тарапынан назар аударылмайтын тыныш жасөспірімдер [8]. Демек, педагогтар қауымының заманауи оқушылардың анатомиялық, физиологиялық және психологиялық жетілулері мен өзгерістерін тану бойынша білім көтеру жұмыстарының аздығы, жеке оқушымен жұмыс жасаудың түпкі мәнін жеткілікті түсінбеуі педагогикалық процесті инновациялық жаңалықтармен қайта құруға кедергі болып отыр.

Н.О. Зиновьева мен Н.Ф. Михайлова мектепте кездесетін агрессиясының көріністерін төмендегідей деп береді:

1. Білім беру мекемелерінің аздығы, мектеп ұжымының үлкендігі. Үлкен мектептерде мұғалімдердің зорлық-зомбылық көріністеріне немқұрайлылық танытуы мен әр оқушының проблемаларын түсінудің қиынға соғуы.

2. Педагогикалық ұжымдағы нашар қарым-қатынас. Кәсіби күйреу, ашуланшақтық және жұмысқа қанағаттанбаудың білім алушыларға деген агрессия туындатуы.

3. Оқушылардың жеке басына деген немқұрайлылық. Мұғалімдердің шамадан тыс көп жұмыс істеуіне байланысты көбінесе жанжалды жағдайларды жасөспірімдердің өз бетінше шешулеріне қалдыруы [9]. Ғалымдар тағы да мектепте кездесетін агрессияның себепшілері дер кезінде білім беру ортасында агрессорды тоқтататын, жәбірленушіге өзін өзі қорғау, жауап реакцияларын түсіндіру жұмыстарының педагогикалық ұжым тарапынан болмауы деп ашып айтқан. Осыдан, әр педагогтің оқушымен қарым-қатынасын қайта қарап, оның жеке оқушы, топ және ұжым (сынып) ерешеліктеріне қарай сәйкестендіріп отыру қажеттігіне аса назар аудару керек.

Жалпы, психологияда қарым-қатынас адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс деген анықтама беріледі. Ал, педагогикалық қызметті қарым-қатынассыз елестету мүмкін емес. «Педагог-оқушы» қарым-қатынасында келесідей негізгі принциптер белгіленген:

1) Демократиялық принцип. Педагогтің демократиясы ең алдымен көзқарастардың, пікірлердің көптүрлілігін мойындауында және болеранттылығында.

2) Ізгілік (гуманизм) принципі. Педагог шәкірттерінің әрқайсысының қайталанбас даралығын, өзін-өзі жүзеге асыру құқығына ие екендігін ескеруі тиіс. Өйткені ең үлкен құндылық адамның еркіндігі, оның өзін жан-жақты дамытуы. Адамның игілігі – қоғамдық институттарды бағалау критерийі.

3) Оқушының жеке басын құрметтеу. Бұл принцип демократиялық мен гуманизм принциптерімен сәйкес, ол педагог пен оқушының теңдігін, теңқұқықтығын, серіктестігін қамтамасыз етеді. Оқушы тәрбиешіге тәуелді болғандықтан, бұл принцип көбінесе декларативті болып табылады. Ол оқушыға ерекше тұлға ретінде шынайы қызығушылықпен, сеніммен, төзімділікпен, оның жеке басының қалыптасуын ынталандырумен, пікірін құрметтеумен, қадір-қасиетін қорлауға жол бермеумен, білімді бағалаудың объективтілігімен жүзеге асырылады. Бұл педагогтің талабтарына қайшы келмейді және оның жұмысының тиімділігінің міндетті шарты болып табылады. Педагогтің мейіріммен қойылған талабы объективті, шынайы, орынды болуы тиіс. Мұндай бағдарлар мен күш-жігердің мақсаты-сапалы білімді, еркін, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың жеке басына құрметпен қарау олардың бірегей қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

4) Оқушылар ұжымының пікірін бағалау. Педагог оқушылар ұжымының пікірін бағалап, оны ескеруі керек. Ол үшін оған қызығушылық таныту керек: оқушылар ұжымының оған қалай қарайтынын; оның сабақтарын, оқу пәнін, олардың білімін дұрыс бағалауын және т.б. Ұжым пікірі әрдайым мұғалімнің

пікірімен сәйкес келе бермейді, мұндай жағдайды елемеуге болмайды. Қарама-қайшылықтар қарым-қатынасты қиындатады, мүмкін емес немесе тиімсіз етеді. Мұғалім шынайы болуы керек, шындыққа, қақтығысқа айналуы мүмкін қайшылықтарға көз жұмбауы керек. Педагогикалық моральдың функциясы - қақтығыстарға жол беру, қатынастарды үйлестіру болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісі тиімді болуы үшін оқушылар ұжымымен үнемі байланыста болу қажет [10;11].

Соңғы уақытта баланың жәбірленуі туралы арнайы нормативтік құжаттар дайындалып және жетілдіру қарқынды жүріп жатыр. Мысалы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы жарияланды. 2-тарауда «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізу тәртібі» белгілеген. Онда «Білім беру ұйымының басшысы баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мақсатында жыл сайын оқу жылының басында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспарды (бұдан әрі – жоспар) бекітеді. Жоспарға мерзімдер, аяқтау нысандары, жауапты тұлғалар және келесі іс-шаралар кіреді» деп, арнайы педагогтардың білімін жетілдіру бағытындағы жұмыстар қатары ұсынылған:

2) оқыту семинарларына (вебинарларға), семинар-тренингтерге, шеберлік сыныптарына, коучингтерге, конференцияларға, форумдарға, панельдік пікірталастарға қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру [12].

Сонымен, білім беру ортасында «педагог-оқушы» қарым-қатынасында буллинг, кибербуллингке назар аудармау, дәрменсіздік таныту немесе енжарлық қатынас агрессордың «қуат алуына», жәбірленушінің қолдаусыз қалуы негізінде өзін-өзі төмен бағалауы мен қорғана алмауы ұзаққа созылады. Осылайша, бұл иерархиясы бар күрделі әлеуметтік құбылыс барлық қатысушыларға теріс әсер етуімен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің төмен көрсеткіші деп танылады. Білім беру орындарында педагогтер баланың жәбірленуі туралы арнайы нормативтік құжаттармен танысып, осы бағытта өз бетімен ізденуі, арнайы дайындықтан өтуі, яғни, комфортты орта құруға атсалысуы қоғам талабы

Әдебиеттер тізімі:

1. Обзор зарубежных исследований по проблеме кибербуллинга среди подростков и молодежи – тема научной статьи по социологическим наукам читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (cyberleninka.ru)

2. Самохвалова А.Г. Коммуникативные трудности ребенка: феноменология, факторы возникновения, динамика: монография /Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова, 2014. - 358 с.

3. Селиванова О.А., Шевцова Т.С. Профилактика агрессивности и жестокости в образовательном учреждении: монография / Тюмень: Издательство Тюменского государственного университета, 2011. - 232 с.

4. Кухтова Н.В. и др. Буллинг в условиях образовательной среды:

межкультурный аспект. Витебск, 2018. – 172с.

5.Таланов С.Л. «Булинг в образовательной среде: причины, формы, профилактика»//Буллинг в образовательной среде: причины, формы, профилактика - SciPeople

6.Ахметшина И.А, Балакирева Н.А, Юсупова Х.Г //Формы и методы организации работы социального педагога по профилактике буллинга среди подростков: Проблемы современного педагогического образования. 2022. №75-3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formy-i-metody-organizatsii-raboty-sotsialnogo-pedagoga-po-profilaktike-bullinga-sredi-podrostkov>

7. Зорина Н.С. «Характеристики кибербуллинга в подростковой среде и способы его профилактики»// Закон и право.– 2022.– № 7.– С. 165-167.

8.Пазухина С.В., Н.С.Бобровникова «Социально-личностные ресурсы субъектов образовательной среды как основа профилактики буллинга среди подростков»// <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-lichnostnye-resursy-subektov-obrazovatelnoy-sredy-kak-osnova-profilaktiki-bullinga-sredi-podrostkov>

9. Зиновьева Н.О., Михайлова Н.Ф. //Психология и психотерапия насилия. Ребенок в кризисной ситуации. СПб.: Речь, 2005. 248 с.<https://shelter-tranzit.ru/wp-content/uploads>

10. Жұмасова К.С. Психология (оқулық).-Астана: Фолиант, 2006.-292б.

11.Общая психология. Введение в общую психологию: учебное пособие для вузов/Д.А.Донцов, Л.С.Сенкевич, З.В.Луковцева, И7В7Огарь. Москва, Юрайт, 2023.-178с.

12.Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелген.

ВЗАИМОСВЯЗИ И СМЕЩЕНИЯ РОЛЕЙ У ВСЕХ УЧАСТНИКОВ ПРОЦЕССА ВИКТИМИЗАЦИИ ЖЕРТВ КИБЕРБУЛЛИНГА

INTERRELATIONSHIPS AND ROLE SHIFTS AMONG ALL PARTICIPANTS IN THE VICTIMIZATION PROCESS OF CYBERBULLYING VICTIMS

**Утемисова Г.У., магистр социальных наук по специальности
психология, Аспирант Уральского педагогического университета, г.
Екатеринбург**

**Utemisova G.U., Master of Social Sciences in Psychology, Postgraduate
student of the Ural Pedagogical University, Yekaterinburg**

Аннотация. В статье актуализируется проблема виктимизации в ситуации кибербуллинга и внутренних психологических особенностей, которые делают жертву уязвимой. В рассмотренных теориях подчеркивается